



Сыр бойы

11 маусым, сейсенбі 2024 жыл

№89 (20763)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ТӨРАҒАЛЫҚ КЕЗЕНДЕГІ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетовті қабылдады.

Кездесуде Ұйымның Қазақстан төрағалығы кезеңіндегі негізгі міндеттерін жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ-ның жарғылық жұмысында Ұйымға мүше барлық мемлекет үшін анағұрлым өзекті әрі сұранысқа ие бағыттарға назар аудару қажет екенін атап өтті. Оның пікірінше, терроризм, есірткі мен қарудың заңсыз айналымы, ақпараттық саладағы қылмыс секілді сын-қатерлерге қарсы күрес мәселесіне айрықша мән берген жөн.

Сонымен қатар Президент өңірлік қауіпсіздікті нығайту мақса-

тында басқа да халықаралық құрылымдармен конструктивті ынтымақтастықты жолға қою маңызды екенін айтты.

Иманғали Тасмағамбетов ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің былтыр қараша айында өткен сессиясында Қазақстанның бастамасымен қабылданған Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы жөнінде мәлімет берді.

Сонымен қатар кездесуде ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына және еліміздің аумағында өтетін оқу-жаттығу жиындарына дайындық мәселесі қарастырылды.



ҚҰРБАНДЫҚ – САУАБЫ МОЛ ҚҰЛШЫЛЫҚ

Исі мұсылман жұртының екі ұлық мерекесі болса, соның бірі – қасиетті Құрбан мейрамы. Асыл дінімізде бұл мерекенің шоқтығы биік тұрады. Құрбан айт – мейірім мерекесі һәм ізет пен құрметтің көрінісі. Халқымыз ежелден «Құрбан айт құтты болсын» деп ерекше мән беріп, елдік деңгейде мерекелеген. Құрбандықтың тарихи тым тереңде жатыр. Бұл өткен күнді еске салатын жай ғана тарих емес, сонымен бірге ұлы ғибадат болып саналады.

Құллі мұсылман қауымын бірлікке, ынтымаққа ұйыстыратын Құрбан айт мейрамы ең әуелі мешіттерде айт намазын оқудан бастау алады. Құранда: «Раббың үшін намаз оқы, құрбан шал», – деп бұйырады («Кәусар» сүресі, 2-аят). Осы күнгі ең алғаш орындайтын амалымыз – көпшілікпен айт намазын оқу, мұнан соң құрбандық малымызды шын ықыласпен шалу арқылы жалғасалы. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Біздің бұл күнде алғашқы атқаратын ісіміз – намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбандық шалу. Кімде-кім осылай етсе, біздің сүннетімізге ергені» - деп айт намазын орындаумен ғана құрбандық шалу басталарын жеткізген. Таң азанмен Аллаға мінәжат еткен мұсылман қауым, бір-біріне құшағын ашып, ыстық ықыласын көрсетіп, айт мерекесімен құттықтасалы. Бір-бірін кешірісіп, шын бауырмалдығын танытады. Жағдайы жеткен, Алланың разылығын үміт еткен жандар құрбандығын шалып жәкіткікке, мұқтаж жандарға қарайласып, жәрдем қолын созады.

3-бет

/// ӨНІР ТЫНЫСЫ

ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Биыл аймақ экономикасында ілгерілеу байқалады. Мысалы, жыл басынан бері аймақтағы өңдеу өнеркәсібі мен негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі айтарлықтай артқан. Құрылыс қарқыны мен сауда айналымында да өсім бар. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық статистика департаментінің басшысы Қайрат Әбсұлтанов айтты.

Облыстың экономикалық-әлеуметтік дамуы туралы ақпарат берген департамент басшысы статистика мәліметін мысалға келтірді. Оның айтуынша, қаңтар-сәуір айларында өнеркәсіп өнімі 7,3 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 46,9 пайыз, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,7 пайыз, негізгі капиталға салынған инвестициялар 30 пайыз артқан. Ал құрылыс жұмыстары көлемі 46,2 пайыз, тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі 3,9 пайыз және сауда көлемі 2,9 пайыз көбейгенін көрсетті.

– Биыл өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 340 млрд теңгені құрады. Бұл – 2023 жылғы қаңтар-сәуірімен салыстырғанда 7,3 пайызға артық. Әсіресе, жыл басынан бері облысқа 133,4 млрд теңге инвестиция тартылды. Соның ішінде республикалық бюджет 8,6 млрд теңге, жергілікті бюджет 13,9 млрд теңге, меншікті қаражат 66,4 млрд

теңге, банктердің кредиттері 27,4 млрд теңге болса, басқа да қарыз қаражат 17,1 млрд теңге шамасында. Аталған көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 30 пайызға артық, – деді Қайрат Байғабылұлы.

Статистикадан аңғарғанымыз, экономиканың өзге тармағында да өсім кездеседі. Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 25,1 млрд теңгені құраса, сауда көлемі 223,2 млрд теңгеге жеткен. Ал бөлшек сауда 2,4 пайыз, көтерме сауда 3,8 пайыз артқан екен.

Оң динамика басым бағыт құрылыста. Биыл облыстағы қарқын жоғары. Мысалы, қаңтар-сәуірде құрылыс жұмыстарының көлемі 30 млрд теңгені құраған. Нәтижесінде аймақта 816 тұрғын үй бой көтерді. Оның ішінде 809 жеке және 6 көппәтерлі үй пайдалануға берілген.

– Пәтерлердің жалпы ауданы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,9 пайызға өсіп, 181 мыңнан астам шаршы метрге жетті. Соның ішінде көппәтерлі тұрғын үйлердің жалпы алаңы 93,7 пайызға өсті. Ал пайдалануға берілген жеке тұрғын үйлердің жалпы алаңы 4% азайды, – деді Қайрат Байғабылұлы.

Департамент басшысының сөзінше, жыл басынан бері азық-түлік тауарлары бағасы 2,7 пайыз, азық-түлік емес тауарлар 2,7 пайыз, ал ақылы қызметтер 3,9 пайыз жоғарылаған.

Ерсін ШАМШАДИН, «Сыр бойы»



Фото: Алияқ дереккөзінен

/// САРАП

ЕСТІ АЛҒАН «ЭНЕРГЕТИК» ЕНДІ БАЛАЛАРҒА САТЫЛМАЙДЫ

Елімізде енді 21 жасқа толмағандарға энергетикалық сусындар сатуға тыйым салынады. Бұл норма өткен сәрсенбідегі Мәжілістің жалпы отырысында қамтылды. Мәжілісте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы екінші оқылымда қаралып, қабылданды.

Депутат Елнұр Бейсенбаев лудоманиямен күрес жоспары туралы баяндамасында энергетикалық сусындар туралы мәселені көтерді. Айтуынша, балалар арасында энергетикалық сусындарды тұтыну кең таралып кеткен және ол алкогольден де қауіпті.

– Құмар ойындарға тәуелді азаматтар түні бойы ұйықтамай құмар ойын ойнау үшін энергетикалық сусындардың негізгі тұтынушылары болып отыр. Сонымен қатар, Қаржы мониторинг агенттігінің мәліметтері бойынша, бүгінде 200 мыңнан астам көмелетке толмағандар үнемі құмар ойындар ойнаған, – деді Е. Бейсенбаев.

Депутат бұл қатардағы жасөспірімдер энергетикалық сусынның кесірінен мас күйінде бас тігуі мүмкін екенін айтты.

– Қазір тіпті 10 жасар бала да энергетикті оңай сатып ала алады. Осыған байланысты, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін 21 жасқа дейінгі адамдарға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салынды, – деді депутат.

3-бет



Коллаж К.Орғабег

ЖЕҢІМПАЗ АУЫЛДЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ



Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына жұмыс сапарымен барып, «Бесарық» ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты.

Өткен жылдың қорытындысымен бұл ауыл «Үлгілі елді мекен» байқауының жеңімпазы атанған еді.

Қазір бірқатар игі жобалар жүзеге асуда. Спорт кешенінің құрылысы 2022 жылы басталды. Жобаның жалпы құны – 389,2 млн теңге.

Ауыл халқының спортпен тұрақты шұғылдануына онтайлы мүмкіндік жасайтын нысан құрылысын «SCS Инжиниринг» ЖШС салуда. Бүгінде ішкі жұмыстары жүргізіліп, спорттық құрылыстар орнатылуда. Нысан биыл пайдалануға берілмек.

Аймақ басшысы аудан әкімі Берік Сәрменбаевқа бірқатар тапсырма берді. Ауылда салынатын әлеуметтік нысандардың құрылыс сапасын мұқият қада-

ғалауды және тазалық, абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын күнделікті бақылауды міндеттеді.

Айта кетейік, жыл басында Сырдария ауданының бюджеті 10,3 млрд теңге болып бекітілсе, 4 айдың қорытындысымен 11,6 млрд теңгені құрады. Бюджеттің 65 пайызы әлеуметтік және инфрақұрылым салаларын дамытуға бағытталды. Жыл басынан қантарау айларында ауданның өнеркәсіп орындары 30,8 млрд теңгенің өнімін өндірді, бұл 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 160 пайызды құраған. Негізгі капиталға 20 млрд теңге инвестиция тартылды, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 123,7 пайыз болды.



ЖАУАПКЕРШІЛІКKE ТАРТЫЛДЫ

Қалалық прокуратура мен әкімдіктің ұйымдастыруымен құрылған мобильді топ түнгі рейдтерді жалғастыруда. Рейд барысында 79 әкімшілік құқықбұзушылық анықталды. Баласы түнгі уақытта жүргені үшін 71 ата-ана, өз міндеттерін орындамаған 1 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен қатар 1 ойын-сауық мекемесіне кәмелетке толмағандардың болуына жол бергені үшін шара көрілді. Бұл бағыттағы жұмыстар күнделікті жүргізіледі.

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев белсенді жастармен жүздесті. Еркін форматтағы кездесу аудан орталығындағы «Балықшылар» аллеясында өтті. Қатысушылар алдымен аудандағы тауарөндіруші жас кәсіпкерлердің көрмесін тамашалады.

Жүздесу барысында жастар өздерін қызықтырған әрі толмағандардың сұрақтарын, ұсыныс-пікірлерін ортаға салып, ой бөлісті.

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ЕСІМІН ҰЛЫҚТАДЫ

Социалистік Еңбек Ері, атақты күріші Көлжан Оразалиеваның 100 жылдығына орай іс-шара өтті. Ғ.Мұратбаев ауылдық округінде өткен шараға аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов қатысып, аудан әкімінің құттықтауын табыстады.

Мерейтойлық шаралар аясында жас аналар байқауы, еңбек фестивалі, жүгіру марафоны және ұлттық спорт түрінен жарыстар ұйымдастырылды. Көлжан Оразалиеваның өмір жолы туралы ұрпақтары жазған «Асыл әжем ардақты» атты кітаптың тұсауы кесілді.

ШАРУАШЫЛЫҚ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Жандос Еркінбек «Оң жағалау» шаруашылықаралық каналының №518 бекетінде шаруашылық басшыларымен кездесіп, көктемгі дала жұмыстарының барысымен танысты.

Кездесуде егіске бөлінген су лимитінің кестеге сәйкес алынуы және ауыл шаруашылығы дақылдарының талаптарға сай күтіп-баптауы талқыланды. Қазіргі таңда су лимиті бойынша кестеге сәйкес тиісті кезеге 184,39 млн текше метр алынуы қажет болса, нақты 186,11 млн текше метр болып, су артығымен жеткізіліп отыр.

АЗИЯ ЧЕМПИОНЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Тайвань мемлекетінің Тайбэй қаласында өткен бір көтеру спортынан Азия чемпионы Төлеген Қайсарды қабылдады.

Он төрт мемлекеттің спортшылары бақ сынаған бәсекеде жалағаштық спортшы жастар арасында 78 кг салмақ дәрежесінде өткен серпе көтеру жаттығуынан I орынға, ұзын айналым жаттығуында II орынға тұрақтаған.

ЖЫЛЫЖАЙ ЖҮМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев Қалжан ахун ауылындағы «Ауыл аманаты» жобасы арқылы салынған жылыжай жұмысымен танысты. Жеке кәсіпкер Серік Әбжіліев 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие алып, қияр егіп, одан мол өнім алуды жоспарлап отыр.

Жылыжайда 3 адам жұмыспен қамтылған. Аудан басшысы «Ауыл аманаты» жобасымен былтыр 23 жоба қолдау тапқанын атап өтіп, жеке кәсіпкердің жаңа бастамасына табыс тіледі.

КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Аудан әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және әріптестік жөніндегі кеңес отырысы өтті.

Жиында аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Кенжетхан Есенбаев, экономика және қаржы бөлімінің маманы Алиямет Әбдісадықов, спорт және туризм бөлімі басшысының міндетін атқарушы Беркінбай Ермағанбетов баяндама жасады. Кеңес мүшелері тарапынан өзекті сауалдар қойылып, ұсыныстар айтылды.

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Терроризмге қарсы аудандық комиссиялар аппараттарының жауапты қызметкерлері арасында өзара тәжірибе алмасу мақсатында кездесу өтті. Жиында ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Сондай-ақ комиссиялардың аппараттарын жасақтау және жанындағы жұмыс топтарының қызметін жүргізу мәселелері талқыланды. Қатысушылар саладағы өзге де түйткілдер бойынша пікір алмасып, өзара тәжірибе бөлісті.

Дайындаған
Биболот СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

ЗАҢДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДЕН НЕ КҮТЕМІЗ?

«Достық үйінде» облыстық прокуратураның ұйымдастыруымен «Әйелдердің құқықтары мен балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жаңашыл өзгерістерді қолдану мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оған прокуратура, сот, адвокаттар қауымдастығы, құқық қорғау органдарының, облыстық білім басқармасының басшылары мен қызметкерлері, адам құқықтары жөніндегі өкіл, бала құқықтары жөніндегі уәкіл және әйелдер кеңесінің мүшелері қатысты.



Отырысты облыс прокуроры Ризабек Ожаров ашып, жүргізді. – Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатуы тапсырылды. Осы ретте әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар Президент кол қойды. Өзгерістер мен толықтырулар әйелдер мен балаларды қорғау саласын едәуір күшейтеді. Бұл

жеңіл дене жарақатын келтіруге қатысты 927 іс қаралып, 389 адам жауапқа тартылса, биылғы бес айда 402 іс қаралған. Ұрып-соғу бойынша былтыр 553 іс қаралып, 211 адам жауапқа тартылса, биылғы бес айда 315 іс болған.

Осы аталған әкімшілік құқықбұзушылық заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес енді нағыз қылмыстық құқықбұзушылық санатына өтеді. Жиында тергеу барысында туындайтын проблемалар мен дайындық жұмыстарының жай-күйі жан-жақты талқыланды.



– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағында әйелдер мен балаларға қорғау бойынша жаңа шаралар енгізілген алғашқы заң. Біздің мақсатымыз – әйелдер құқықтары мен балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде сапалы тергеу тәжірибесін қалыптастыру. Алдағы уақытта атқарылуы тиіс шараларды талқылап, шешуді қажет ететін проблемаларды белгілеу, – деді Ризабек Қаримұлы.

Жаңа заң бойынша әйелдер мен балаларға қатысты кез келген сипаттағы зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік қатаңдатылды. Осы орайда отбасы институтын және кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін нығайтатын нормалардан тұратын 15 заңға өзгерістер енгізілген.

Мәселен, былтыр облыстың әкімшілік соттарында қасақана

Заңнамаға енгізілген өзгерістер, туындайтын мәселелер бойынша облыстық прокуратураның басқарма бастығы Батырбек Нұрмағанбетовтің, Қызылорда қалалық №2 сотының судьясы Тұрар Темірбаевтің, Әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы Гүлмира Ысқақованың, полиция департаменті анықтау басқармасының бастығы Бахытжан Қаппардың, сот-сараптама институты директорының орынбасары Бахытжан Садуовтың баяндамалары тыңдалды.

Басқосуда жиылғандар тергеу кезінде орын алатын мәселелерді онтайлы шешу жолдарын қарастыру бойынша ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Ауылды дамыту мәселелері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ерекше бақылауында. Осы орайда «Ауыл аманаты» жобасы қоғамда кеңінен қолдау тапты. Жоба – ауыл дамуының жаңа драйвері. Оның аясында 2029 жылға қарай барлығы 1 миллион ауыл тұрғынын қамтып, 350 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Бағдарламаны жүзеге асыруға 2024 жылы 100 млрд теңге бөлу жоспарлануда.

ЖАЛАҒАШТАҒЫ ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР



Жоба облыста іске қосылғалы бір жылдай уақыт өтті. Осы уақыт ішінде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы мәліметінше, былтыр облыс бойынша жобаға 3 млрд теңге бөлінген.

Нәтижесінде аймақта кәсіпкерлік саласы түрлі жобалар арқылы дами түсуде. Бүгінде мемлекет қолдауымен кәсіп көкірегін кеңейткендердің үлкен шоғыры бар. Солардың бірі – Жалағаш ауданындағы қалдықсыз өнім шығаратын «Нұр» қап зауыты.

Өндіріс ошағынан бір демде күріш, жем, коқыс салуға арналған 10 мың дана қап шығарылады. Бүгінде зауыттың жұмысын жүйелеуге 4 адам жұмылдырылған. Кәсіп иесі Асылхан Нұрасыловтың айтуынша, шикізат көршілес Өзбекстан елінен келеді. Ал зауыттың моторы болған алып техника Қытайдан арнайы әкелінген.

Кәсіпкер бұл кәсіпті бастауды көптен бері ойға түйіп жүрген. Ойға алған жұмысынан өнім алып отырған кәсіпкер алдағы уақытта өнім тек облыс көлемімен ғана шектелмей, шетелге экспорттауды мақсат етіп отыр. Бұл игілікті істің барлығы «Ауыл аманаты» жобасы аясында алған несиемен арқасында жүргізіліп отыр.

Айта кетсек, «Ауыл аманаты» жобасы аясында берілетін шағын несиеңің жоғары сомасы 2,5 мың айлық есептік көрсеткішке тең. Биыл айлық есептік көрсеткіш өзгеруіне байланысты, қаржы көлемі де ұлғайды. Мысалы, былтыр 8,6 млн теңге берілетін болса, биыл 9,2 млн теңге қарастырылған.

Сондай-ақ бизнес бағытындағы мұндай қолдаулар көп. Мысалы, қайтарымсыз грант беру – кәсіп бастаушылар мен шаруа шеңберін ұлғайтатындарға үлкен мүмкіндік. Осындай мүмкіндікті пайдаланып, қошет сатып, кірісін еселеген жандардың бірі – Айлана Пұсырманова. Ол былтыр қолда бар қаражатқа жылыжайға қажетті материалдар сатып алған. Басқа да қажетті құрал-саймандар алу үшін мемлекеттік бағдарлама көмегіне жүгінді. Осылайша 1 млн 380 мың теңге қайтарымсыз қаржылай қолдауға ие болған.

Жылыжай – табыс көзі. Көкөністің күтімі күпті, бабы мықты болып өсуіне жылыжайдың атқарар ролі орасан. Дастарқанмызға дайын күйі келетін көкөністердің қандай күтіммен өсетініне көп көңіл аудару бермейміз. Дейтұрғанмен еселі өнімнің арқасында жемісті жұмыс болатынын ескеру керек.

Бүгінде Жалағаш ауданы Мәрілі Шәменов ауылындағы Пұсырмановтар әулеті жылыжай жұмысын жолға қойған. Өз қаражаты есебінен жылыжай салып, сол жерден несібесін алуға. Жылыжайда қызанақ пен қиярдың 2 түрі бар. Бүгінде бағбан өнімдерін дүкен сөрелеріне шығарып, тұрғындар үшін қолайлы бағада сатуға. Кішікентай ауылда көптің алғысын арқалап жүрген бағбан алдағы уақытта жылыжайдағы өнімдердің қатарын құлпын жемісімен толықтырмақ.

Биболот СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДА

АРАЛ

ҚАЗАҚ

ҚАРМАҚШЫ

ЖАЛАҒАШ

СЫРДАРΙΑ

ШИЕЛІ

ЖАНАҚОРҒАН

ҚҰРБАНДЫҚ – САУАБЫ МОЛ ҚҰЛШЫЛЫҚ

Шариғаттағы үкіміне келсек, көненден келе жатқан ханафи мәзһабы бойынша Құрбан айта шамасы жеткен адамға құрбан шалу – уәжіп (міндет) амал. Бұл жөнінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім мүмкіншілігі бола тұра құрбан шалмаса, біздің намаз оқытын жерімізге жақындамасын!» деп қатаң бұйырған. Аталған хадис шамасы жеткен әрбір мұсылманға сарандық жасамды, ешқандай сылтау етпестен, айт күндері құрбан шалудың міндетті амал екенін ескертуде.

«Құрбан» сөзі араб тілінде – «жақындау» деген мағынаны білдіреді. Шариғи мағынасына келсек, Алла Тағаланың разылығына жақындау ниетімен Құрбан айт күндерінде шалынатын арнайы малдың аты. Құрбан шалудың артықшылығы мен сауапты іс екендігі жөнінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Адам баласы Құрбан айт күнінде (құрбан шалып) қан ағызудан да сүйікті басқа іспен Алла Тағалаға жақындаған емес. Қаны ағызылған мал қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан жерге тамбай жатып, Алла Тағаланың құзырында үлкен мақамға жетеді. Сондықтан құрбандардың көңіл ризашылығымен шалындар» деп айтқан. Құрбан шалу – айт күндеріндегі Аллаға жақындатын сүйікті амал.

Құрбандық шалу – сонау Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардан жалғасып келе жатқан ұлы ғибадат. Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар Алла Тағалаға берген сертінде тұрып, бауыр еті баласы Исмаилды (ғ.с.) жаратқанын жолында пидана ете алатындығын білдірген сәтте. Алладан келген сынақты көтере білген Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар сыннан да сүрінбей өте білді. Құрбандық шалу ғибадаты сол бір ғибадратты оқиғаның жарқын көрінісіне бірден-бір дәлел. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде Алла разылығы үшін шалынған құрбандықтың әрбір қылында сауап бар екенін және бұл амал Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардан қалған сүннет амал екенін жеткізген. Сахабалар Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Иә, Алланың Елшісі, құрбандық деген не?» деп сұрайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Құрбандық – сендердің Ибраһим (ғ.с.) бабаларының сүннеті», – деді. «Одан бізге қандай сауап бар?» деп сұрағанда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Соңғылан мал жүнінің әрбір тал қылы үшін сауап аласыңдар» деп жауап берген екен. Құрбандық – сауабы мол құлшылық.

Құрбан шалу кімге міндет? Мұны да білген жөн. Құрбан шалу міндет (уәжіп) болу үшін мынадай шарттар болу керек: Мұсылман болу, Құрбан айт уақытында жолашуы болмау, негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болу. Нисап мөлшері – 85 грамм алтын яки құнына тең келетін ақша. Зекет ғибадаты сияқты құрбанның уәжіп болуы үшін **1-бет.**

нисап мөлшеріне жеткен малға бір жыл толу шарт емес. Құрбан шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Өйткені, малды ғибадат үшін соятыны сияқты, тек қана етін пайдалану үшін де союға болады. Нисап мөлшерінде артық қаражаты болмаса да, кейдей мұсылман кісінің құрбан шалуына болады. Шалған құрбандығы нәпіл құрбан үкімінде болады.

Құрбан шалудың өзіне тән уақыты бар. Құрбан шалудың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Қандай да бір маңызды шариғи себепке байланысты Құрбан айт намазына бара алмай, айт намазын оқымаған кісі намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбанын шала беруіне болады. Айт намаздан бұрын шалынған мал құрбандыққа есептелмейді.

Құрбандыққа кез келген мал сойыла бермейді. Шариғат бойынша қой, ешкі, сиыр және түйе малдарын ғана құрбандыққа шалуға болады. Құрбан ретінде шалынатын қой және ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы керек. Алты-жеті айлық келе қозы бір жасар қой сияқты семіз, етті болса, құрбандыққа шалуға жарайды. Қой мен ешкінің еркегін, сиырдың ұрғашысын шалу абзал. Елік, арқар сияқты аңдар мен тауық, қораз, қаз, үйрек сияқты құстар құрбан ретінде сойылмайды.

Бірнеше адам ортақтасып бір малды құрбандыққа шалуға бола ма? Бұл – ел көкейінде жүрген сұрақтың бірі. Біріншіден біз мынаны білгеніміз жөн. Қой немесе ешкіні тек бір адам құрбан ретінде шала алады. Ал сиыр немесе түйені яғни, ірі қара малды бір кісінің жалғыз өзі үшін шалуына немесе жеті кісі бірігіп ортақ шалуларына болады. Құрбанды ортақтасып шалған уақытта әрбір адам құрбан шалу ниетімен ғана ортақтасуы керек. Құрбан шалуда, оның қабыл болуында ниет өте маңызды. Бір кісі құрбан үшін, ал екінші бір кісі тек қана етін алу ниетімен ортақтасса, шалынған мал барлық ортақтар үшін құрбандық болып есептелмейді. Сондықтан бұған аса мән беруіміз керек.

Не нәрсең де жарамды-жарамсыз болса да. Сол секілді құрбандық малына кез келген мал бола береді деген ұғым жоқ. Үйге қадірлі қонақ келсе қаделі жолмен малдың ең жақсысын сойып, бар ықылас құрметімізді көрсетіп, ақ батасын алуға тырысып жатамыз. Ал енді құрбан айт мейрамы бұл Алланың разылығына жеткізетін ұлық ғибадат болғандықтан малдың шариғатқа сай жарамдылығына, ең жақсысына көбірек көңіл аударған дұрыс.



Сурет: Құрбан айт мерекесіне қатысқан имамдар.

Мынадай кемшілігі бар мал құрбандыққа жарамсыз болып саналады. Бір көзі соқыр, сойылатын жерге жете алмайтын дәрежеде көтерем, құлағы немесе құйрығы тумадан жоқ, басым бөлігі кесілген, тістерінің көбі түсіп қалған, бір мүйізі немесе екеуі де түбінен сынған болса жарамсыз. Осы сынды жағдаят құрбан малының бойында болмау керек. Қаншалықты құрбан малының ең жақсысын, тәуірін тандасақ, соншалықты мол сауап пен Алланың разылығына кенеле түсеміз.

Құрбан шалған уақытта міндетті түрде арнайы ниет ету керек және Құрбан айт намазы оқылғаннан кейін барып шалынады. Құрбандықты ғибадат үшін соятыны секілді, жай ғана етін күнделікті пайдалану үшін соятындар да болады. Сол үшін құрбандыққа ниетті дұрыстап, шын ықыласпен орындау қажет. Құран Кәрімде: «Олардың (шалынған малдың) еттері мен қандары Аллаға өсе ұласпайды. Бірақ Оған (Аллаға) сендердің тек тақуалықтарың ғана жетеді», («Хаж» сүресі, 37-аят) делінген, яғни, құрбандық шалудағы көзделген мақсат пен ниеттің маңыздылығын әуелі ақыл таразысына салған жөн болады.

Құрбан шалуға ниет еткен кісі құрбандығын мүмкіншілік болса, өзі шалғаны абзал және оның сауабы да мол. Сахаба Әнас ибн Мәлік (р.ғ.): «Алла Елшісі (с.ғ.с.) құрбан шалуды өз қолымен орындайтын» деп айтқан. Құрбан ретінде шалынатын малды кинамау үшін, өткір пышақ қолдану керек. Малды сою үшін жерге жатқызылғаннан кейін пышақты көз алдында жақтатып, қайрау – ұнамсыз іс. Мұны мәкрұһ амал дейді. Ал кинамай сою – сүннет амал.

Құрбан ретінде шалынатын мал құбылаға қарата жатқызылып «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар лә илаһа иллаллаһу, Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар уа лиллалһил-хамд» деп, тәкбір айтып, «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деп бауыздалады. Тек құрбанның иесінің ғана «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деуі жеткілікті емес. Құрбанды бауыздаған адам да «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» дейді. Әлгінде айтқанымыздай, сойылатын мал құрбандық ниетімен бауыздалуы керек.

Көп сұралатын сауалдың бірі «Құрбандыққа шалынған малдың еті мен терісін сатуға бола ма?» деп келеді. Құрбан шалған кісі бай немесе қарапайым күй кешсе де өзінің шалған құрбандығының етін жеуіне болады. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – ең жақсы амалдардан. Бір бөлігі – туған-туыс, көршілеріне бай болса да сыйға тартылады, екінші бөлігі – кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына беріледі. Десе де шалынған малға мұқтажлығы болмаса, оны басы бүтін кедей-мұқтаждарға таратып беруге болады. Сол секілді құрбандық шалған кісінің тұрмысы төмен, бала-шағасы көп болса, түгелдей құрбан етін өзінің отбасының қажетіне қалдыра алады.

Құрбандыққа шалынған малдың етін, басын, терісін, сирақтарын сату – ұнамсыз іс (мәкрұһ). Аталған бөлшектері сатылған жағдайда жүйе кедейлерге садақа ретінде беріледі. Терісін кедейлерге, қайырымдылық қорларына беруге болады. Құрбанға шалынған малдың ешқандай бөлшегінен қаспаптың ақысы ретінде төлеуге болмайды.

Құрбандықтың сауабы мол құлшылық екеніне тоқталып өттік. Ал енді «айт» сөзіне келсек... Айт арабшадан аударғанда, «мейрам» деген мағынаны білдіреді. Дініміздегі әрбір мейрам құлшылыққа негізделген. Асыл дінімізде екі айт мейрамы бар. Бірі рамазан айынан кейін келетін – Ораза айт мейрамы, екіншісі – қасиетті Құрбан айт мерекесі. Ардақты сахаба Әнас (р.ғ.) былай деп жеткізеді: «Алла Елшісі (с.ғ.с.) Мәдинаға келген кезінде, модалықтардың тойлайтын екі күндері бар болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл екі күнді не үшін атап өтетіндіктерін сұрады. Сонда олар: «Жәһилдік (исламнан бұрынғы) дәуірде біз бұл екі күнді көңіл көтеріп, атап өтетін едік» деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға қарап: «Алла о екі күннің орнына сендер үшін әлдеқайда қайырлысын берді. Біріншісі – Құрбан айт, екіншісі – Рамазан айт» деп айтты.

Құрбан айт мерекесі де әрбір ісі мұсылманның отбасын шат-шадыман етіп, қоғамды қуанышка жетелей түседі. Бұл күні мұсылман баласы ерте тұрып айт намазына дайындығын жасайды. Бой дәріптен жаңартады, жана да таза киімдерін киіп, жұпар иіс себініп ең алдымен мешітке барады. Құрбан айт мерекесінің қадір-қасиеті жайында уағыздың тыңдап, жамағатпен айт намазын оқып, мұнан соң мұсылмандар бір-бірін мерекемен құттықтайды. Осыдан кейін шамасы жеткен кісілер шын ықылас-пейілімен құрбандығын шалуға әрекет етеді.

Еліміз Құрбан айт мерекесіне ерекше ден қойып, аса құрметпен атап өтеді. Қазақ халқының шаңырағында жеті шелек пен бауырсақ пісіріліп, мерекелік дастарқан жайылады. Құрбан етінен ас әзірленіп, қонақтар бас қосады. Жиналған ағайындар өзара игі тілектерін айтып, үлкендер жағы ел-халыққа деген ақ баталарын жаудырады. Құрбан айт – бірлік пен берекеге үн қосқан ұлық мейрам. Келіп жеткен құрбан айт құтты болсын! Құрбандық қабыл, ниетіміз асыл болғай!

Дастан қажы ЖАНАСУЛЫ,
Қызылорда облысының бас имамы

ДӘРІГЕР САЛҒАН ДАҢҒЫЛ ЖОЛ

Өткен апта соңында медицина саласының майталманы Исмаил Кәрімбаевтың 100 жылдығына орай Шиели аудандық көпбейінді орталық ауруханасының хирургия бөліміне оның есімі беріліп, арнайы тақтайша мен бюст қойылды. Сондай-ақ аудандық мәдениет үйінде көзкөрген жандардың қатысуымен еске алу шарасы өтті.

Жиынға аудан әкімі Нұржан Ахатов, Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаев арнайы катысып, 31 жыл бойы Шиели ауданы медицина саласының тізгінін ұстап, бүгінгі биігіне көтерілуі үшін бел жазбай еңбек еткен Исмаил Кәрімбаевтың есімі ұлықталғаны онегелі іс екенін атап айтты.

Мәдениет үйіндегі еске алу шарасында Исмаил Сейітназарұлының күреске толы еңбек жолы, жарқын беінесі туралы естеліктер сөз болды. Жиындты медицина ардагері, Шиели кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Күлімбетов жүргізіп, аудандық ауруханасының бас дәрігері Алмас Әбілпатта баяндама жасады.

Исмаил Сейітназарұлының мектеп бітірген шағы Ұлы Отан соғысының басталуына тура келіп, әскер қатарына алынған. Отан қорғауда өзінің батылдығымен танылған жауынгер Украина, Молдова жерлерін жаудан азат етуге қатысты. Майданның алдығы шебінде жүрген қазақ солдаттың әскери барлау құрамында жау шебінен мол мағлұматтар жинап, «тіл» алып келген ерлігі де аз емес.

Соғыстың аты – соғыс, Отан қорғауда жан аямаған ол ауыр жаракат алады. Тез бойын жинап, онан әрі ұрыс қимылдарына қатысып отыруы да өзіндік бір ерлік. Соғыстан оралған соң Алматы медицина институтында оқып, хирург мамандығын алып шығады. Студент кезінен өзінің алғырлығымен танылған ол білікті мамандар назарында болды. Еңбек жолын Шиели аудандық ауруханасында қатардағы хирург болып бастап, ұйымдастыру қабілетімен танылып, аурухана бас дәрігері лауазымына өседі. Осы кезметін 1984 жылға дейін үзбей 31 жыл атқарды. Оның басшылығы кезінде 1974 жылы жаңа типтегі аурухана ғимараты салынды. Өз кәсібінде адалдығы сонша, алыс аудандарда, науқан кезінде жұмыс басында бірте шамның жарығымен ота жасап, адам өміріне арашасы болған.

Дәрігер-хирургтің 100 жылдығы құрметіне «Аңызға айналған адам» атты кітаптың тұсауы кесілді. Оны ардагер дәрігер Тұрғабай Мәканов пен облыстық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Жаңыл Абуабакиров орындады. Жерлері дәрігерді осылайша еске алып, ұрпақтарына ізгі тілек білдірді.

Нұрмахан ЕІТАЙ,
Шиели ауданы

ЕСТІ АЛҒАН «ЭНЕРГЕТИК» ЕНДІ БАЛАЛАРҒА САТЫЛМАЙДЫ

Күніне 50 мың банка ішіледі

Осыған дейін Денсаулық сақтау министрлігі 21 жасқа толмаған қазақстандықтарға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салуды қолдаған болатын. Министрлік әзірлеген балалар мен жасөспірімдерге энергетикалық сусындарды сатууды шектеуді көздеп, арнайы құжат «Ашық НПА» порталына биыл наурыздың басында жарияланды.

«Қазақстанда балалар, жасөспірімдер мен жастар арасында олардың денсаулығы мен дамуына кері әсер ететін энергетикалық сусындарды жоғары тұтыну байқалады. Қазіргі уақытта жасөспірімдерге арналған автоматтарда ЭС сатуға толық тыйым салынған жоқ. Дегенмен, елде жасөспірімдердің денсаулығына ЭС әсерін бағалауға және оларды сатуға шектеулерді енгізуге бағытталған іс-шаралар мен зерттеулер жүргізілуде. Қазіргі уақытта 21 жасқа толмаған тұрғындарға ЭС сатуға тыйым салуды енгізу бойынша реттеушілік әсерлерді тағдай әзірленді және келісілді», – делінген құжатта.

Министрлік зерттеуіне сәйкес мұндай сусындарды тұтыну жасөспірімдерде әдетке немесе тәуелділікке айналады. Бұл дұрыс емес тамақтану әдеттеріне әкеледі. Сондай-ақ физикалық белсенділіктің төмендеуіне және темекі шегу немесе алкогольді ішу сияқты жаман әдеттерге әкелуі мүмкін екен.

Энергетикалық сусындар құрамында кофеин мен канттың жоғары концентрациясы, сондай-ақ жасөспірімдердің денсаулығына теріс әсер еті-



Аналық зерттеу нәтижесіне айналған ЕТӨТ

ықтимал басқа белсенді ингредиенттер бар. Сонымен бірге энергетикалық сусындарды көп мөлшерде тұтыну жүрек-қан тамырлары проблемаларына, ұйқышылдыққа, тітіркенуге және басқа да жағымсыз әсер етеді.

Министрлік мәліметінше энергетикалық сусындар нарығының көлемі жыл сайын артып келеді. «Euromonitor International» деректері бойынша 2022 жылы Қазақстан Республикасының нарығында бөлшек сауда арналары арқылы энергетикалық сусындарды сату көлемі бағаны айтарлықтай өсуіне қарамастан, 2021 жылмен салыстырғанда 25%-ға артқан. Ал 2017 жылмен салыстырғанда энергетикалық сусындарды сату көлемінің өсуі 198%-ды құраған. 2017 жылғы 61,7 мың тоннадан 2022 жылы 184 мың тоннаға дейін ұлғайған.

Ең қорқынышты статистика тек бір Алматы қаласының халқы жыл сайын 9 млн литр энергетик тұтынады екен.

«Алматы бойынша жыл сайын

шамамен 9 млн литр түрлі энергетиктер сатылады. Күніне 50 мың банка ішіледі. Жыл сайын мұндай сусындардың сатылымы сұрыптары мен ассортиментіне байланысты 30-40% өседі. Олар үнемі жаңа аудиторияны тартады. Ағза осылайша біртіндеп энергияны «арзан» жолмен толықтыруға үйреніп, сусынды тұтынуды күнделікті қажеттілікке (тәуелділікке) айналдырады» деп түсіндірілген құжатта.

Шетел тәжірибесі қандай?

Қалай дегенмен, жана норма жастар денсаулығын, ұлт саулығын сақтау бағытындағы маңызды қадам екені сөзсіз. Энергетикалық сусындарды 21 жасқа дейін пайдалануға шектеу қойылуы оларды алкогольдік сусындарға теңестіретін норма деуге болады.

рыс тамақтануды қолдау мақсатында енгізілген.

Ұлыбританияда жалпы тыйым салынбағанымен, үкіметі мұндай сусындарды мектеп асханаларында және мектептерде орналасқан автоматтарда сатқызылуды ұсынады. Кейбір мектептер осы ұсынауларды өз еркімен орындап жүр.

Норвегияда 2019 жылдан бастап 18 жасқа толмаған адамдарға арналған дүкендер мен автоматтандырылған машиналарда мұндай сусындар сатуға тыйым салынған. Литвада да 18 жасқа толмағандарға энергетикалық сусындар сатылмайды. Оған семіздік пен қанты шамадан тыс тұтыну жағдайлары себеп болған. Ал Шотландияда 2018 жылдан бері 16 жасқа толмаған балалар энергетикалық сусын сатып ала алмайды. Чилиде 2014 жылы мектептер мен балалар мекемелерінде энергетик сатуға тыйым салынған. Мұндай орындарда оның жарнамасын жүргізуге шектеу енгізілген.

Елдегі жағдайды реттеу үшін Денсаулық министрлігі энергетикалық сусындарды сатушының қатысуынсыз сауда автоматтар, өзге де электрондық немесе механикалық құрылғылар арқылы сатуға тыйым салуды енгізуді көздеп отыр.

Қанты көп сусындар да қымбаттайды

Сондай-ақ Қазақстан Үкіметі құрамында қанты көп алкогольсіз сусындарға акциз салығын салу мәселесін де жыл соңына дейін шешпек. Бұл туралы Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров мәлімдеген бола-

тын. Үкімет бұл салықты енгізу туралы мәселені 2021 жылы көтерген.

Денсаулық министрлігі де құрамында қанты көп сусындарға акциз салу ұсынысынан бас тартпайтынын мәлімдеген еді. Мемлекеттік бас санитар дәрігер Айжан Есмағамбетованың айтуынша, бұл талапты Денсаулық министрлігі ойлап тапқан жоқ. Бұл – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы. Соның негізінде көптеген елдерде құрамында қант көп сусындарға акциз енгізіліп жатыр. Бас санитар дәрігер Қазақстанда артық салмақ пен қант диабетіне шалдыққандардың қатары көбейгенін де атап өтті.

Айта кетсек, 2021 жылдың қазан айында «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы мақұлданды. Жоба 2023 жылдан құрамында қанты көп сусындарға 20% мөлшерінде акциз енгізуді, 2024 жылы 35%, 2025 жылы 45%-ға дейін арттыруды қамтыған. Бұл бастама Денсаулық сақтау министрлігі көтерген болатын. Министрлік қант қосылған сусындарды көп ішу жүректен тамырлары аурулары, қант диабеті, семіздік пен басқа да ауыр дертке шалдықтыратын алға тартты.

Ал тәтті сусын өндірушілер ұлт денсаулығы үшін күрестегі бұл тәсілмен келіспеген. Қазақстанның алкогольсіз сусын өндірушілер қауымдастығы «акциз енгізу – орта және шағын кәсіпорындардың жабылуы, жұмыс орындары мен салықтың қысқартуына әкеледі» деп мәлімдеді.

Алайда «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы былтыр басқа да 9 жобаман бірге тоқтатылған. Депутат Жанна Асанова бұрынғы Премьер-министр Еліхан Смайыловтан себебін сұраған болатын. Премьер-министр бұдан былай тек нақты әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған жобалар бекітіледі деп жауап берген.

Шын мәнінде, ұлт денсаулығы қымбат па әлде салық саясаты ма? Осыны таразылап көріңізші...

Библиотек СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

«АДАЛ АДАМ»

орталықтары немен айналысады?

Мемлекет басшысының «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес Қызылорда облысындағы 171 мәдениет үйі мен елді мекендерде орналасқан клубтар «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы концепциясының шеңберінде 7 бағытпен былдан жұмыс жасай бастады.



Жоба жүзеге асырылғаннан бері түрлі форматта мәдени-танымдық шаралар өткізіліп, мәдениет ошактарының жұмысы қайта жанданды.

Қазір мәдениет үйі мен клуб ғимараттарына «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы» атауы ілінді.

«Арт уақыт» клубы бағыты бойынша шығармашылық үйірме саны артты. Мысалы, биыл мәдениет ошактарының жанындағы шығармашылық үйірмелердің саны 1032-ні құрады, оған 15 564 адам тартылды. Жоба аясында 55 клубта 78 үйірме, оның ішінде 47 клубта 67 балалар шығармашылық үйірмесі ашылып, оған 1 мыңнан аса бала мен жасөспірім қамтылды. Бүгінде үйірмелерге қатысатын өнерпаздар облыс орталығында өткен ауқымды мәдени шаралар мен концерттерде өнер көрсетіп жүр.

Жыл соңына дейін 100-ге жуық үйірме ашылып, қосымша 2 мыңнан астам жасөспірімді қамту жоспарланды. Кейбір елді мекендердегі жастар мен тұрғындардың сұранысына сай мобилография курстары мен робототехника сабақтары да тұрақты жүргізілуде.

Бұған дейінгі статистикалық деректер 5-11 сыныптардағы 88 709 бала мен жасөспірімнің шығармашылық үйірмелерге 7,4 пайызы ғана қамтылғанын көрсетті. Жана бастамадан кейін көрсеткіш 35 пайызға жетті.

Мәдениет үйілерінің жанынан сол ауылдың, елді мекеннің ерекшелігіне қарай колонершілер мен өнерпаздардың креативті хаб орталықтары құрылды. Апта сайын сауда-жәрмеңкелері ұйымдастырылып,

(601 көрме-жәрмеңке), креатившілердің монетизациясына жағдай жасалды.

«Отбасы шуағы» отбасылық дәстүрлі шаралар неке кино, «Алтын той», «Күміс той», «Маржан той» секілді 633 ша-ра ұйымдастырылды. «Әлем BOOK» жобасы аясында 171 оқуғандар клубы құрылып, 6000-нан аса адам тартылды. 800-ге жуық іс-шара (әлеби оқулар, балалар жазушысы Б.Сокпақбаевтың, Халық жазушысы Ә.Нұрпейісовтің 100 жылдығына орай қаламгерлердің шығармаларына талдаулар, поэзия сағаттары, т.б.) ұйымдастырылды.

«Сұхбат time» фото-видео подкаст бұрыштары жабдықталып, жастар мен жасөспірімдердің қатысуымен елге сыйлы тұлғалармен, үлгілі әулеттермен, еңбек адамдарымен, мерейлі отбасылармен 533 сұхбат жүргізілді. Апта сайын «Кино time» жобасы шеңберінде тәрбиелік мәні бар ұлттық фильмдердің 1028 көрсетілімі ұйымдастырылды. Әр клубтың жанынан тазалық, қайырымдылық жұмыстарына жұмылатын «Еріктілер клубы» құрылып, 3000-ға жуық адам тартылды. Олар егін науқаны барысында да еңбек жасақтарына бірігеді. Еріктілер тобының қатысуымен 756 акция ұйымдастырылды. Еріктілер «Таза Қазақстан» республикалық акциясына жыл соңына дейін қатысады. Мәдени-көпшілік шараларға, үйірмелерге және шығармашылық тапсырыспен балалар мен жасөспірімдердің 70 пайызы қамтылатын болады.

ТАСТАН ТЕНҒЕ ҚҰРАҒАН

Шиелілік Бекжан Ержігіт жас та болса бірнеше адамды жұмыспен қамтып отыр. Жас кәсіпкер шлакоблок пен брусчатка өнімдерін шығаруда.

– Әрине, сырттай қарағанда жеңіл көрінер. Дегенмен іс барысы оңай емес. Біріншіден, тиянақтылық керек. Биылғы жыл мен үшін тәуекелге толы болды. Жаз шықса, тұтынушылар сұранысына сай есік алдына брусчатка төсет беретінімің. «Осыны неге өзім жасамасқа?!» деген ой келді. Былтыр қажетті аппараттарын, формаларын алып қойған болатымын. Бастап кетуге қаражат пен тәуекел жетпей жүрген.

Түркістан қаласына барып, тәжірибеден өтіп келдім. Жасап үйрендім. Содан тәуекел деп бастап кеттім. Сапасы өзім ойлағаннан да жоғары болды. Әзірге аудан көлемінен тапсырыс түсуде. Басқа қаладан алдырсаң, уақыт әрі артық қаржы жұмсайсың. Ал мынау – нағыз қажетті кәсіп, – дейді ол.

Кәсіпкердің айтуынша, бас-ты мақсат – тұтынушы сұранысына сай өнім өндіру. Шлакоблок, брусчатканың қолданысы аясы кең. Заманауи материал. Құрамы берік, өндіріс тәсілі қарапайым.

Бекжан брусчатканы өз есігі алдында, ал шлакоблотты жалға жер алып, сонда жасап шығаруда. Күніне 500-600-ін құяды. Өніміне сұраныс артып келеді. Барлығын өз қаражаты есебінен атқаруда. Мемлекеттен тиісті деңгейде көмек алсам деген ниеті де бар. Үш түрлі өнімге жергілікті цемент пайдаланады.

Қазір бұл өнімдерге риза болған тұтынушылар көбейіп келеді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

///ӨНЕР

СКРИПКАДАН ТӨГІЛГЕН СЫРЛЫ ӘУЕН

Скрипка аспаптардың патшасы саналады. Бұл сиқырлы аспапты үйрену, оның қыр-сырын жүрекпен ұғыну, ішкі жан-дүниені сезіну өкінің біріннің қолынан келмейді. Медицина маманы болу үшін 9-11 жыл уақыт жұмсалатын болса, скрипкашы болуға Анар Жаңбырбаева 18 жыл уақытын арнаған.



Бүгінде Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледжінің оқытушысы, симфониялық оркестр мүшесі, Мәдениет саласының үздігі Анар Жаңбырбаева еңбек жолын Мұрат Серкебаевтың жетекшілігімен Алматыдағы телерадио оркестрінде бастаған. Жас маман үшін атакты ұжымда жұмыс істеу кәсіби тұрғыдан өсу ғана емес, шығармашылық қабілетін шыңдауда мықты іргетас болды.

Өнерде өзі ғана шыңдалып қоймай, жас музыканттарға скрипканың қыр-сырын үйретуден жалыққан емес. «Бұл-лақ көрсен көзін аш» деген аталы сөзді ұстаз ретінде өмірлік ұстанымына айналдырған. Әр баланың бойындағы музыкаға деген махаббаты оятып, сиқырлы сазды әуенмен тербеліп өсуіне ата-ана жағдай

жасауы тиіс деп есептейді. Себебі есті әуен естіп өскен ұрпақтың бойында айналаға деген мейірім, сүйіспеншілік, жанашырлық секілді адами қасиеттер қалыптасып, санасына сіңіп ер жетеді. Мұндай балалар қоғамға да, мемлекетке де пайдасын тигізбек.

– Егер менің қолымнан келсе, классикалық музыканы үйретуді мектепке негізгі пән ретінде енгізген едім. Себебі одан бала бойында адами асыл қасиеттер қалыптасады. Ал өнер үйренген баланың ой-өрісі биік, талғамы жоғары болмақ. Байқасаңыз, қазір қоғам қатыгезденіп барады. Жағымсыз хабарды көп естиміз. Әсіресе, жастардың бір-біріне мейірім таңытпауы, қамқорлық көрсетеуі алаңдатады.

Музыка – мықты тәрбие құралы. Шуға толы әуенді естіген

шаршап-шалдығып шығасың, керісінше жанға рахат сыйлайтын әуезді музыканы тыңдасаң мның тынығып қалады. Балаға анасының құрағында жатқан жан классикалық туындыларды, Моцарттың, Бахтың, Бетховеннің шығармаларын тыңдату дәстүрі бар. Бұл бала болашақта кәсіби музыкант болмауы мүмкін, бірақ жан-жақты, ой-өрісі мықты дамыған тұлға болып қалыптасатыны анық. Әлемдік мәдениет пен өнердің тарихын шәкірттеріме жиі айтып отырамын. Олардың дүниетанымын кеңейтуге, қабілет-қарымын шыңдауға тырысамын, – дейді Анар Жаңбырбаева.

Иә, әуезді музыканың адам бойындағы дертті жеңуге септігі тиетінін медицина әлеқашан дәлелдеген. Мұндай жағдай оның ұстаз

дық тәжірибесінде де кездесетінін айта кеткенді жөн көрдік. Баласының мықты, талапшыл маманнан тәлім алуын әрбір ата-ана қалайды. Бірақ скрипкаға ерте бастан баулу қажет. Бірде оған 13 жасар қызын ерткен ана келеді. Ол мұндай жастағы баланы оқытудан бас тартатынын, музыка мектебі үшін өте кеш келгенін айтады. Алайда анасы қызының дамуында тежелу ба-рын айтқанда, тәлімгер бір ауыз сөзге келместен оны оқытуға бел буады. Дені сау балаларға қарағанда мұндай оқушымен жұмыс жасау оңай іс емес екені анық. Алайда мықты ұстаз үшін мүмкін емес нәрсе жоқ. Шәкіртіне аспапта ойнауды үйретіп қоймай, оның қоғамда өз орны бар тұлға болып өсуіне зор еңбек сіңірді. Қазір сол шәкірті музыкалық колледждің бірінде студент. Мұндай мы-

салдар ұстаздың ұзақ жылғы тәжірибесінде кездеседі. Ол шәкірттерінің бағындырған әр биігімен мақтанады.

Білікті маман Алматыдағы А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған мектеп-интернатында, Ақтау қаласындағы кіші симфониялық оркестрде 10 жылдан астам тер төккен. 2017 жылдан бері қасиетті Сыр топырағына келіп, сүйікті ісін жалғастыруда. Небір өнер майталмандары шыққан қасиетті өлкеде дәл осы классикалық бағыттағы мықты мамандар жетіспейтіні жасырын емес.

– Облыста камералық оркестрдің құрылғанына биыл 10 жыл толу керек еді. Бүгінде оның аясы кеңейіп симфония жанрына ауысты. Өйтсе де екеуінің арасында айырмашылық көп. Өнерді түсінетін жан мұны біледі. Оған жұмыс бірлігі болмаса, қайтадан жасақтауға болады. Өйткені концертке шыққанда аз адаммен әрі-бір оңай ойнай ала бермейсің. Сондықтан да 10 жылдық тарихы бар камералық оркестрді қайтадан құру әлі де кеш емес деп ойлаймын, – дейді.

Өнер адамына бүгінге дейін небір қызметтің тізгінін ұсынғандар жетерлік. Алайда оның барлығына қарсылық білдіріп, өмірлік миссиясы өнерді қадірлейтін, құрметтейтін шәкірт тәрбиелеу жолындағы тынымсыз бірлігін жалғастыруда.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

«КӨРЕРМЕН ҚОШЕМЕТІ ҚАНАТТАНДЫРАДЫ»



«Театр – тірі ағза» деген сөз бар. Ал жастар – оның болашағы. Бұл қазіргі уақытта да өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Зарина Ерболқызы – Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылының тумасы. Бала күнінен-ақ Голливуд жұлдыздарын үлгі тұтып, болашақта актриса болғысы келді. Осы арман оны Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетіне алып келді. Өткен жылы актерлік мамандықты аяқтап, бүгінде Қызылорда қалалық Жастар театрында еңбек етіп жүр.

– Өнер жолын шын жүрегімен таңдағандықтан, алдымнан қандай тосқауыл кездесе де, оны қиындық ретінде қабылдамаймын. Қойылымнан кейінгі көрермен қошаметі мен қолдауынан соң барлығы ұмытылып кетеді, – дейді жас артист.

Зарина сомдаған ролдерінің барлығы жанына жақын екенін айтады. Әсіресе, тағдыры қайшылыққа толы кейіпкерлерді сомдағанды, комедия жанрындағы қойылымдарда ойнағанды ерекше ұнатады.

– Өзіме тапсырылған ролдерді табиғи болмысымен үйлестіріп ойнаймын. Сондықтан

көңілімнен шықпай қалған роль болмапты, – дейді ол.

Жас артистің болашақ арманы – өзі үлгі тұтатын жұлдыздармен бір фильмде ойнау. Сонымен қатар Қызылорда Жастар театрының атын шығарып, оның дамуына үлес қосу.

Зарина Ерболқызы сияқты жас таланттар театр өнерінің болашағына сенім ұялатады. Олардың шығармашылық табысы мен талпынысы театрдың өркендеуіне ықпал етері сөзсіз.

Аделя РАХЫМЖАН, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 1-курс студенті

///БРИФИНГ



ӘСКЕРИ БОРЫШЫН ӨТЕЙДІ

Биылғы 1 наурыз бен 30 маусым аралығында 18-27 жастағы 850-ге жуық Сыр елінің азаматы көктемгі мерзімді әскери қызметке шақырылуда. Олар еліміздің Қарулы Күштерінде, басқа да әскери құрылымдарында қызметін өтейді.

Сарбаздардың мерзімді қызмет кезінде несие төлемін 1 жылға тоқтатуға, Ұлттық бірінші тестілеусіз жоғарғы оқу орындарына түсуге мүмкіндіктері бар. Жас сарбаздар әскери борышын ҰҚК Шекара

қызметінде, Қарулы Күштер қатарында, ІІМ Ұлттық ұланы мен Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты бөлімдерде және Мемлекеттік Күзет қызметінде өтейтін болады. Әскери бөлімдерге елі-

мізді қорғауға қабілетті, денсаулығы мықты, дене бітімі шыныққан, сауаты жеткілікті, моральдік-іскерлік қабілеті жоғары азаматтар аттануда.

Диана ЕРГЕШБАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 1-курс студенті

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.